



# Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saraisi gazetini Gazet 1937 jyl dan bastap shyǵady beisenbi, 28 sáýir 2022 №17 (11 007)

## ЫРЫС АЛДЫ - ЫНТЫМАҚ, БЕРЕКЕ БАСЫ - БІРЛІКТЕ!



Жыр шашу

### ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН

Керемізде тұлпарымыз таң асқан,  
Абыроймен беделіміз тау асқан.  
Қазақ дейтін қасиетті елденбіз,  
Татулық пен бірлігіміз жарасқан.

Абыроймен беделіміз көкке өрлей,  
Жайнап келе жатқанымыз көктемдей.  
Қас көрмейтін, дос көретін өзге ұлтты,  
Бауырына құшақтайтын жат көрмей.

Қарыштаумен Қазақ елі нұрланған,  
Ынтымақ пен бірлік гүлі бұр жарған.  
Достығы мен татулығын пір тұтып,  
Өзге елдер өнегелі үлгі алған.

Қазақия қарапайым ел деп ұқ,  
Құтты қадам аттап басқан төрге нық.  
Қазақстан, биіктей бер, өсе бер,  
Тәуелсіздік бесігінде тербеліп!

Жанас МҰҚАШ.



### Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі қоғамдағы қалыптасқан келісім мен елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдерінің өзара түсіністігін толық бейнелейді. Еліміз халықтар бірлігі мен достығының мекені. Біздерді ортақ тарих пен бұрынғы өткен қиындықтар, жеңістер, Қазақстанның дархан даласына деген сүйіспеншілік, республикамызда тұратын жүзден астам ұлттардың бір арнаға тоғысқан арман-мақсаты мен

бәріне ортақ үйге айналған қасиетті қазақ жері біріктіреді. Еліміздегі бейбітшілік пен келісім мемлекетіміздің дәйекті ұлт саясаты мен онда тұратын адамдардың кемеңгерлігінің арқасы. Біздің халықтардың достығы мен өзара көмегі соғыс жылдарында майдан даласында және тылда сыналды, ол бейбіт еңбекте, сондай-ақ, тәуелсіздігіміздің шарықтай түсуінде үлкен рөл атқаруда.

Еліміздің келешекті дамуына біздің көпұлтты ауданымыз да өз үлесін

**М.МҰХТАРОВ,**  
аудан әкімі.

қосып келеді. Биылғы 1 мамыр мерекесі Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің және еліміздің рәміздерінің 30 жылдығымен тұспа тұс келіп отыр.

**Ардақты ағайын!**

Баршаныңды Қазақстан халқының бірлігі күнімен шынайы жүрекпен, ақ пейілді тілекпен құттықтаймыз! Осынау бейбітшілік, достық пен келісім орныққан бірлік мерекесінде Сіздерге, құрметті жерлестер, бақыт пен байлық, амандық және саулық, ырыс-береке тілейміз!

**Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ,**  
мәслихат хатшысы.

### Қадірлі жерлестер!

Шет аудандық ардагерлер ұйымы Сіздерді Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтайды.

Түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы бейбітшілік пен келісім мемлекетіміздің басты байлығы, оның саяси тұрақтылығы мен үздіксіз дамуының кепілі болып табылады.

Халықтардың бірлігі мен достығының қандай ұлы құндылық екенін және бұл жетістіктерді мұқият сақтап, оларды жаңа ұрпаққа қалай жеткізу керектігін уақыт та, біздің еліміздің тарихы да бірнеше мәрте дәлелдеп көрсеткен.

**Құрметті жерлестер!**

Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, қуаныш, отбастарыңызға жылылық және амандық-саулық тілейміз.

Біздің Ортақ үйіміз - Қазақстан Республикасының игілігі үшін аянбай еңбек етіп, табыстарға жете беріңіздер.

Шет аудандық Ардагерлер ұйымы.

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2022 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА  
“ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ЖӘНЕ “ШЕТ ӨНІРІ”  
ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА



АУДАНДЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1940 ТЕНҒЕ, БІР ЖЫЛҒА 3880.00 ИНДЕКСІ 65049

“ШЕТ ӨНІРІ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕНҒЕ, БІР ЖЫЛҒА 3915.20 ТЕНҒЕ ИНДЕКСІ 65060

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА “КАЗПОЧТА” АҚ АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ БӨЛІМІ МЕН ЖЕРГІЛІКТІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.